

**Қазақстан-Британ техникалық университетінің (ҚБТУ) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесінің 2021 жылғы бағыты бойынша есебі:
6D070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы №464 Бұйрығымен ҚБТУ - да философия докторы (PhD), 6D070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу мамандығы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес ашылды. Диссертациялық Кеңестің жеке құрамы ҚБТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен (2020 жылғы "29" қазандағы №3 хаттама) және АҚ "ҚБТУ" Ректоры К. Н. Ибрашевтің 2020 жылғы "4" қарашадағы №88-ІІ бұйрығымен бекітілді. Енгізілген өзгерістерге сәйкес ҚР БҒМ 2021 жылғы 9 наурыздағы №98 бұйрығымен диссертациялық Кеңес туралы Үлгі ережеге (ҚР БҒМ 31.03.2011 ж. №1269 бұйрығымен) диссертациялық кеңестің құрамы ҚБТУ ғылыми кеңесінің шешімімен (2021 ж. "28" қазандағы №4 хаттама) және АҚ "ҚБТУ" Ректорының м. а. (Басқарма төрағасының) Ғабдуллин М. Т. 2021 жылғы " 8 " қарашадағы № ІІР-3998 бұйрығымен қайта бекітілді.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау жөніндегі ҚБТУ диссертациялық кеңесінің тұрақты мүшелерінің құрамы:

Мамандығы / Кадрларды даярлау бағыты

6D070500 - Математикалық және компьютерлік модельдеу.

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы, автореферат бойынша мамандық шифры	Жұмыс орны, лауазымы	Атқаратын лауазымы
1	Исахов Асылбек Абдиашимович	PhD докторы, 6D060100-Математика	Қазақстан, Алматы қ., ҚБТУ, профессор, Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру орталығының басшысы	ДК төрағасы
2	Рысбайұлы Болатбек	Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, 01.01.07-есептеу математикасы	Қазақстан, Алматы қ., Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының профессоры	ДК төрағасының орынбасары
3	Кенжебаев Талгатбек Садуахасович	Физика-математика ғылымдарының докторы, доцент, 01.01.02-	Қазақстан, Алматы қ., ҚБТУ, Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру орталығының	ДК ғылыми хатшысы

		дифференциалды теңдеулер	қауымдастырылған профессоры	
4	Вербовский Виктор Валериевич	Физика-математика ғылымдарының докторы, доцент, 01.01.06-математикалық логика, алгебра және сандар теориясы	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Кибернетика және ақпараттық технология институтының профессоры	ДК мүшесі

«Математика және компьютерлік модельдеу» білім беру бағдарламасы бойынша ҚБТУ диссертациялық кеңесін құру мақсаты Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру орталығының докторанттарына, сондай-ақ басқа да ЖОО-ның докторанттарына өздерінің МКМ бойынша диссертацияларын қорғауға мүмкіндік беру болып табылады. 2021 жылы ҚБТУ Математика және кибернетика Ғылыми-білім беру орталығын 0 докторант аяқтады (1 докторанттың шетелдік ЖОО-ның докторантурасына қайта түсу себебінен). 2022 жылы одан бұрынғы жылдарда оқуын аяқтаған докторанттарының диссертация қорғауын күтеміз, сондай-ақ 2022 жылы докторантура бағдарламасын 7 докторант аяқтайды, олардың көбі 2022 жылдың күзінде өз жұмыстарын қорғайды. Сол себепті есептік мерзімде Диссертациялық кеңеске қарастырылатын диссертациялық жұмыстар түспеді. Сондықтан диссертацияларды қорғауға қабылдау және қорғауды жүргізу жұмыстары бойынша Диссертациялық кеңес отырысы ұйымдастырылмады.

ҚБТУ диссертациялық кеңес Төрағасы

Исахов А.А.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Кенжебаев Т.С.

